

Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 14 қыркүйек 1993 ж. N 875

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстанда атом энергетикасының дамуы" және "Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық апаратының мемлекеттік жүйесін дамыту" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және технологиялар министрлігі: басты ұйымдармен бірлесіп, бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштеріне сәйкес, олардың кеңейтілген нұсқаларын бір айлық мерзімде қалыптастырсын және бекітсін.

1993 жылдан бастап республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды мемлекеттік бюджеттің ғылымды қаржыландыру үшін көзделген қаражаты есебінен мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулыда белгіленген бекіту мен қаржыландырудың аталған тәртібі жаңадан жасалатын республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларға қолданылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі